

Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің
білім бөлімі «№7 бөбекжай-бақшасы» МҚКК

**Тақырыбы: «Дидактикалық ойын арқылы ерте жастағы
балалардың тілін дамыту»
(Ата-аналарға арналған кеңес)**

Дайындаған:
мұғалім – логопед
Борисова М.С.

Ойын – балалардың негізгі әрекет түрі. Ойын барысында тәрбиеші көздеген **оқыту мақсаты** мен баланың өзіне тән **ойын мақсаты** қатар жүзеге асады.

Ойын арқылы мектепке дейінгі жастағы баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы қалыптасады, психикалық қызметтері дамиды, ал олардың ішінде **сөйлеу тілі** жетекші орын алады. Бала өз ойын, сезімін еркін жеткізе отырып, ойын кезінде тілдік дағдыларын дамытады.

Оқытудың бір түрі ретінде **дидактикалық ойын** қолданылады. Ол кез келген оқу материалын қызықты етеді, балалардың танымдық қызығушылығын арттырады, білімді жеңіл қабылдауға көмектеседі.

Дидактикалық ойынның құрылымы бар. Құрылым – бұл оқыту мен ойын әрекетін қатар қамтитын негізгі элементтер жиынтығы.

Дидактикалық ойынның құрылымдық бөліктері:

- дидактикалық міндет;
- ойындық міндет;
- ойын әрекеттері;
- ойын ережелері;
- нәтиже (қорытынды шығару).

Төменде ерте жастағы балалармен жұмыс барысында қолданылатын бірнеше дидактикалық ойын түрлері келтірілген.

Дидактикалық ойын: «Баласын ата»

Дидактикалық міндеті: балаларды жануарлар мен олардың балаларының атауын атауға үйрету, сөйлеу тілін белсендіру.

Ойындық міндеті: жануарларға өз баласын табуға көмектесу.

Ойын ережесі: жануарды шатастырмай, дұрыс атау және оған тиісті баласын дұрыс таңдау.

Ойын барысы: Ересек адам жануарлардың балаларының суреттерін үстелге араластырып қояды, ал төменгі қатарға үлкен жануарлардың суреттерін орналастырып, былай дейді: «Анашалар – жануарлар балаларыула серуендеп жүрген еді, бірақ олар жан-жаққа тарап кетті. Енді аналар өз баласын таба алмай жатыр. Көмектесейік!»

Балалар жануардың атауын айтып, оған тиісті баласын тауып қояды, ересек адамның айтқанын қайталап отырады.

Осылайша, **дидактикалық ойындарды** оқу процесінде қолдану арқылы баланың ой-өрісін, дұрыс сөйлеуін дамытуға, сондай-ақ қоршаған орта туралы білімін қалыптастыруға болады.